

Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 мамыр N 799

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының Z952688_ 9-бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі негізгі

құрал-жабдықтардың құнын арттырудың индекстерін белгілейтін уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі жыл басындағы жағдай бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнын арттырудың индекстерін бекітуді мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Бағарова Ж.А.